

## **Сайлаушылардың дауыс беруге арналған тізімдерін қалыптастыру, сондай-ақ оларды сайлау комиссияларына ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 23 тамыздағы № 11/197 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 11 қыркүйекте № 17358 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 26-1-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сайлаушылардың дауыс беруге арналған тізімдерін қалыптастыру, сондай-ақ оларды сайлау комиссияларына ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының ұйымдастырушылық-құқықтық қамтамасыз ету бөлімі:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулының Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында ресми орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Орталық сайлау комиссиясының  
Төрағасы міндетін атқарушы

К. Петров

Қазақстан Республикасы  
Орталық сайлау комиссиясының  
хатшысы міндетін атқарушы

Б. Мелдешов

Қазақстан Республикасы  
Орталық сайлау комиссиясының  
2018 жылғы 23 тамыздағы  
№ 11/197 қаулысымен  
бекітілген

**Сайлаушылардың дауыс беруге арналған тізімдерін қалыптастыру, сондай-ақ оларды сайлау комиссияларына ұсыну қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Сайлаушылардың дауыс беруге арналған тізімдерін қалыптастыру, сондай-ақ оларды сайлау комиссияларына ұсыну қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының (бұдан әрі - Конституциялық заң) 14-бабы 4-1) тармақшасына, 24, 25, 26 және 26-1-баптарына сәйкес әзірленді және сайлаушылардың дауыс беруге арналған тізімдерін қалыптастыру, сондай-ақ оларды сайлау комиссияларына ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Сайлаушылардың дауыс беруге арналған тізімдерін қалыптастыруды жүзеге асыратын:

1) сайлаушылардың тізімін жасайтын және оны тиісті сайлау комиссияларына беретін жергілікті атқарушы орган;

2) аумақтық сайлау комиссиясы - астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, ауданның, қаланың, қаладағы ауданның сайлаушылар туралы мәліметтердің өзектілігі мен анықтығын, дауыс беруге арналған сайлаушылар тізімдерінің уақтылы әрі дұрыс жасалуын және олардың барша жұрттың танысуы үшін ұсынылуын бақылайтын сайлау комиссиясы;

3) учаскелік сайлау комиссиясы – қажет болса, сайлаушыларға тізім танысу үшін берілгеннен кейін жоғары тұрған сайлау комиссиясын хабардар ете отырып, сайлаушылар тізіміне өзгерістер енгізетін сайлау комиссиясы.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 27.12.2022 № 132/627 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.06.2026 № 23/37 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

**2-тарау. Сайлаушылардың дауыс беруге арналған тізімдерін қалыптастыру және оларды сайлау комиссияларына ұсыну тәртібі**

3. Президентті, Құрылтай мен мәслихаттардың депутаттарын, әкімді, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде сайлаушылар тізімі жасалады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 30.06.2026 № 23/37 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4. Тұрғылықты жері бойынша сайлаушылар тізімін жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқордың негізінде тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды.

5. Нақтылы сайлау учаскесінде азаматтарды сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның осы сайлау учаскесінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша тіркелу фактісі негіз болып табылады.

6. Уақытша тіркелген азаматтар тұрақты тіркелген жері бойынша тізімнен алып тастала отырып, сайлаушылар тізімдеріне өздерінің жергілікті атқарушы органға берген өтініші негізінде енгізіледі.

7. Әрбір сайлаушы Конституциялық заңның 24-бабы 5-тармағына сәйкес сайлау жарияланған немесе тағайындалған кезден бастап тиісті жергілікті атқарушы органда сайлаушы ретінде тіркелуге құқылы.

8. Егер сайлаушыға сайлауға дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, өзінің тіркелген орны бойынша сайлау күні дауыс беруге арналған үй-жайға келе алмайтыны белгілі болса, ол Конституциялық заңның 24-бабы 5-тармағына сәйкес өзінің болатын жері бойынша жергілікті атқарушы органға өзін тиісті сайлаушылар тізіміне енгізу жөнінде жазбаша өтініш беруге құқылы.

Азамат осы тармаққа сәйкес өтініш берген кезде жергілікті атқарушы орган азаматты тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен алып тастауды және оны сол азамат дауыс беретін учаскенің сайлаушылар тізіміне енгізуді ұйымдастырады.

9. Сайлаушылардың тізімдері әліпби немесе өзге тәртіппен жасалады. Тізімде сайлаушының тегі, аты, әкесінің аты (ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), туған жылы (он сегіз жастағылар үшін – қосымша күні мен айы), жеке сәйкестендіру нөмірі мен тұрғылықты мекенжайы көрсетіледі.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 30.06.2026 № 23/37 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. Сайлаушылар тізімдеріне:

1) Республиканың белсенді сайлау құқығы бар азаматтары енгізіледі;

2) азаматтар тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша енгізіледі;

3) демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, стационарлық жағдайда емделіп жатқан, шалғай жерде және қатынасу қиын аудандарда орналасқан, азаматтар тұратын мекендерде, шалғайдағы мал шаруашылығы учаскелерінде, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасына қарайтын және сайлау күні жүзуде жүрген кемелерде құрылған сайлау учаскелері бойынша дауыс беруді өткізетін күні аталған мекемелер мен ұйымдарда немесе кеме бортында болатын азаматтардың бәрі аталған мекемелердің басшылары, тиісті әкімдер мен кеме капитандары берген деректер негіздерде енгізіледі;

4) әскер бөлімдері бойынша әскер бөлімдерінде тұрған әскери қызметшілердің барлығы, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері және әскер бөлімдері орналасқан жерлерде тұратын басқа да сайлаушылар, әскер бөлімдерінің командирлері берген мәліметтер негізінде енгізіледі. Әскер бөлімдерінен тыс жерлерде тұратын әскери қызметшілер сайлаушылар тізіміне тұрғылықты жері бойынша жалпы негізде енгізіледі.

5) шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелері бойынша тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік

іссапарда жүрген әрі Қазақстан Республиканың жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі. Шет мемлекетерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарларға келген Қазақстан Республикасы азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына өтініш жасаған жағдайда және олардың Қазақстан Республикасының азаматы деген жарамды паспорты болса, сайлаушылар тізіміне енгізіледі.

Жатақханаларда тұратын, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысанында оқитындар сайлаушылардың тізіміне жатақхананың орналасқан жері бойынша енгізіледі.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 30.06.2026 № 23/37 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

11. Азамат сайлаушылардың бір ғана тізіміне ене алады.

12. Әрбір сайлау учаскесі бойынша сайлаушылардың тізімдерін тиісті әкім дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын акт бойынша учаскелік сайлау комиссиясына – электрондық түрде және (немесе) қағаз жеткізгіште, аумақтық және округтік комиссияларға электрондық түрде ұсынады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 27.12.2022 № 132/627 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

13. Сайлаушылар тізімдері жергілікті атқарушы органдардан алынған күннен бастап екі күн мерзімде төмен тұрған аумақтық сайлау комиссиясы оларды Қазақстан Республикасы сайлаушы азаматтарының электрондық тізіліміне енгізу үшін электрондық түрде жоғары тұрған комиссияға ұсынады.

14. Сайлаушылар тізіміне өзгерістер енгізілген жағдайда, учаскелік сайлау комиссиясы бұл туралы жоғары тұрған сайлау комиссиясына хабарлайды.

15. Жергілікті атқарушы органдардың сайлаушылар тізімдерін сайлау комиссияларына ұсынуы дербес деректер және оларды қорғау, ақпараттық қауіпсіздік туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.